





# Америка ашылуы

№ 8 жалпы орта білім  
беретін мектеп  
ГЕОГРАФИЯ 7  
СЫНЫП

# Мазмұны




- *Үндістанға жол іздеу*
- *Христофор Колумб портреті*
- *Саяхаттың мақсаты*
- *Хр. Колумб Экспедициясы*
- *«Қателікпен» ашылуы*



# Үндістанға жол іздеу

□ *Алыстағы Үндістан, Қытай елдерінің асқан мол байлығы жайлы аңыздар тарап, осы елдерге төте жол табу Еуропа теңізшілерінің басты арман мақсаттарына айналды*





# Түрлі саяхатшылар төте жол іздеді



## Афанасий Никитин

Орыс саяхатшысы,  
Үндістанда болған  
тұңғыш  
еуропалықтардың  
бірі (1466-1472)

## Васко да Гама

Португаль теңіз  
саяхатшысы .

Африканы айнала  
жүзіп Үндістанға  
жол ашқан.

## Христофор

## Колумб

# Христофор Колумб портреті




## □ Христофор Колумб

*1451ж Генуя қаласында туып өскен. Шыққан тегі итальяндық болғанымен Испания туы астында теңіз саяхатын жасап Америка құрлығын ашқан. Теңізші 20 мамыр 1506 ж дүние салған.*

# Хр. Колумб пікірі

- Христофор Колумб: Жер шар тәрізді болса, Атлант мұхитымен батысқа жүзе отырып Азияның шығысынан шығуға болады деп ойлаған.



# Христофор Колумб Экспедициясы



1492-1493ж бірінші экспедиция, 1492-1493ж бірінші экспедиция, 1493-1496ж екінші экспедиция,  
1498-1500ж үшінші экспедиция,  
1502-1504ж соңғы экспедиция.

# Бірінші Экспедиция


- Колумбтың жер шар тәрізді деген пікірі көпке дейін қолдау таппады. Испан королы үш кемеден тұратын экспедиция жасақтады «Санта-Мария», «Нинья», «Пинта».
- 12 қазан 1492ж саяхаттың 33ші күні Колумб Сан-Сальвадор аралына жетті және Куба мен Гаити аралдары ашылды.  
15 наурыз 1493ж Колумб Испанияға өзінің батыс Үндістанды ашқандығы туралы хабар жіберді.





# Екінші экспедиция

- *Екінші экспедиция кезінде (1493-1496) Колумб Кіші Антиль аралдарын ашты, Кариб теңізін зерттеп құрлықтық Үндістанды іздей жүріп Ямайка аралын ашады.*
- *Күтілген алтын мен байлық табылмады. Саяхаттың шығынын өтеу үшін Колумб Еуропаға құлдарды жөнелтеді.*



# «Қателікпен» ашылу

□ *Өмірінің соңына дейін Колумб өзінің Үндістанды ашқандығына сенімді болып кетеді. Сөйтіп Америка «қателікпен» ашылған материк болып қалады*





□ Америка атауы басқа теңізші Америго Веспутчидің құрметіне аталды. Ол ашылған жердің Азия еместігін дәлелдеп шығып оған «Жаңа Әлем» деп ат берді.

